

**8D013 - Пәндік мамандандырылмаған педагогтарды даярлау
6D010300/8D01101 - «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы
бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Абиров
Данияр Акпаровичтің «Қазақстандағы гимназия және лицей мектептерінің
қалыптасуы мен дамуы (1991-2017 жж.)» тақырыбындағы диссертациялық
жұмысына РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ**

№	Өлшем шарттар	Өлшем шарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес	Диссертациялық жұмыс ғылымның даму бағыттарындағы мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес. Бүгінгі ұсынылып отырған ғылыми - зерттеу жұмысы қоғамның сұранысынан туындаған көкейкесті тақырыптардың бірі болып табылады. Өйткені, Қазақстан Республикасының өткен тарихи жолында, бүгінгі отандық білім жүйесінде де, реформалау мен дамытудың мағлұматтық, талаптық ережелік құжаттарында оқушыларға сапалы білім беру міндеті басты мәселе ретінде анықталып отырған. Қазіргі таңда, білім беру жүйесіндегі мектеп және түрлі типтегі мектептерде педагогикалық үдерістің мазмұндық сапасын көтеруде, олардың жүріп өткен тарихи-педагогикалық жолын түсініп, білумен қатар жетістіктеріне өзек болған жағдаяттарды біліп, мазмұнын ашумен байланысты болмақ. Отандық білім саласының дамуындағы жаңа кезеңді түсіндіру, тарихымызды ақиқаттық тұрғыдан оң бағалауға, мәдениет пен ағарту ісі жолында түрлі типтегі мектептердің мазмұндық құрылымы, олардың оқу-тәрбие жұмыстарына қатысты жинақталған тәлім-тәрбиелік мұраларды Егеменді еліміздің бүгінгі күн талаптарына сай пайдалануда қажеттілігін басшылыққа алып қарастырумыз - ол заңдылық және сабақтастық пен ұласымдылық қағидатын басшылыққа алуы. Зерттеу тақырыбына арналған ғылыми ізденушілік жұмыста, гимназиялар мен лицей мектептерінің мазмұндық құрылым мен тарихи педагогикалық тәжірибелерге қатысты кең ауқымда қарастырылып жазылған жұмыстардың әлі де болса толық еместігін қарастырып өткен. Дегенмен де, Қазақстандағы гимназиялар және лицейлер жайында зерттеушілік жұмыстар бар. Бірақ, осы мектеп жүйесі мен оның типтері

		(бағытын көрсету) келеді жайында отандық зерттеулерде сол кезеңде қоғамда орын алған қазақстандық білім беру жүйесінің жаңашылыққа бетбұрудағы теориялық және тәжірибелік бағыттағы салыстырмалы, әрі нақты сол уақыттың педагогикалық үдерістегі орын алған педагогикалық құбылыстарды қарастырылғандығы жөнінде еңбектер екендігін сипаттап береді. Зерттеуші бұндай еңбектерді сол кезеңде орын алған теория мен тәжірибенің жетістігін түсіндіретін өз уақтысында орындалған зерттеушілік жұмыстар деп баға беріп, өзінің диссертациялық жұмысының сол кезеңде орын алған ғылыми педагогикалық жүйені тарихи-тәжірибелік тұрғысынан қарастыра отырып, бүгінгі күнге жеткен мұра негізінде жаңа көзқараспен қарастырып, мазмұнын ашу бағытындағы педагогика тарихына арналған жұмыс екендігін түсіндіреді. Диссертациялық жұмысты жазу барысында автор гимназиялар мен лицейлердің жұмысын ұйымдастыруда ҚР Конституциясында, «Білім туралы» Заңын, «Қазақстан Республикасы гимназияларының қызметін ұйымдастыру тәртібі туралы ережелер», «Білім беру қызметін лицензиялау ережесі», «Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестациялау туралы ереже», т.б. заңдық-құқықтық құжаттарды басшылыққа алады. Сонымен бірге, диссертант тақырыпқа сәйкес келесі мемлекеттік бағдарламаларды да қарастырған. Кеңес үкіметінің соңғы кезеңінен бастау алып, 1991 жылғы жаңа үлгідегі мектептер мен арнаулы орта білім беретін оқу орындары: лицей, гимназия, т.б. типтегі мектептердің құрылуы және қоғам мен әлеуметтік ортадан орын алуы жайындағы мәселенің сол кезеңдегі заңдық-құқықтық негіздегі талаптық ережелерге сүйенген. Сондай-ақ, 1995 жылғы Қазақстанда жаңа Конституция, ҚР «Білім беру туралы» жаңа Заңы /1999 ж. 7 маусымда қабылданған/. Осы Заңға сәйкес бұрынғы талаптық - құқықтық ережелер негізі жаңартылып, мемлекеттік «Білім» бағдарламасы білім беру жүйесін реформалауды, қазіргі экономикалық, әлеуметтік және саяси жағдайға сәйкестендіруі мен ҚР гимназияларының қызметін ұйымдастыру тәртібі туралы ережелері /Қазақстан Республикасындағы білім туралы заңнама: Заң актілерінің жин. - Алматы: Юрист, 2004. - 87-90-бб/. 1992, 1999, 2007 жылдары қабылданған ҚР «Білім туралы» Заңдарын
--	--	---

		толықтырулары мен ерекшеліктері және ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы /09 Желтоқсан 2020/ т.б. ресми құжаттарды басшылыққа алып, құқықтық-талаптық ережелердің жаңа жүйесіне талдаулар жасалғандығы сәйкестікті білдіреді. Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы <i>Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес:</i> Қазақстан Республикасындағы Білім беру жүйесінің, түрлі қоғамдық жүйеде Кеңестік және Егемендік кезеңдегі оқыту мен тәрбиелеуді жүзеге асырудың жолдары мен оны жүзеге асырушы мектептер және жаңа типтегі /лицей, гимназиялар, т.б./ инновациялық мазмұндағы оқу-тәрбие мекемелерінің қалыптасу мен дамуы бүгінгі күні олардың, болашақ даму бағыты жайындағы мәселелерге тарихи тәжірибе мен қазіргі ғылыми теориялық және әдістемелік жүйеде ақиқаттық талдауларын жасауы көрініс табады. «Білім туралы» Заңында (11-бап, 3-тармақ) білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың маңызды қағидаттарына, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы /27.12.2019ж./, ҚР Үкіметінің №988 қаулысы мазмұндарына сәйкестігі орын алған деп негіздеуге болады. 1991-2017 жылдардағы Отандық білім беру жүйесіндегі гимназия және лицей мектептерінің қалыптасуы мен дамуына қатысты тарихи теориялық және тәжірибелік педагогикалық мұраларды негіздеп, жүйелі сипаттауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, ұсынылған тарихи тәжірибелік білімді толықтыруға арналған элективті курсты болашақ педагог мамандарды даярлау үдерісіне енгізуі, педагогикалық эксперимент зерттеудің ғылыми жаңашылдығы мен қолданбалы құндылығын айқын дәлелдейді. Д.А.Абировтың диссертациялық жұмысы өзектілігімен қатар білім мен ғылымды дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді. Д.А.Абировтың диссертациялық зерттеуі Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым
--	--	--

			педагогикалық тарихи мұра ілімдерді білімгерлерге оқыту арқылы білім тарихының теориялық мазмұнын толықтыру мен дамытудың маңыздылығын ғылыми негіздеген және кеңінен қолданысының қажеттілігін ашқан. Осы аталған нәтижелер Д.А.Абировтың диссертациялық жұмысының педагогика ғылымы мен оның тарихындағы тарихи-әдіснамалық және педагогика тарихының теориясын тереңдігін және тәжірибелік маңызын нақты көрсетеді.
3	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертанттың зерттеу жұмысын өз бетінше орындау деңгейі <i>жоғары</i>. Ол зерттеу мәселесіне қатысты ғылыми еңбектерді жан-жақты зерделеп, өз тұжырымдарын нақты мысалдар арқылы дәлелдеп, өзіндік қорытындыларын ұсынған.
4	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі ғылыми тұрғыда дәлелденіп <i>негізделген</i>, себебі зерттеу Қазақстандағы «Гимназия және лицей мектептерінің қалыптасуы мен дамуы (1991-2017 жж.)» элективті курсты оқыту арқылы болашақ педагог мамандардың кәсіби қалыптасуындағы педагогика тарихына қатысты білімдерін жаңа мазмұнда толықтырумен өзекті және отандық білім беру тарихындағы ақтандақ жерін шешуге бағытталған. Диссертациялық зерттеуде ұсынылған элективті курс педагогика тарихына қатысты өткеннің тарихи тәжірибелік білімнің ғылыми-теориялық қағидаттарға негізделіп, педагогикалық эксперимент арқылы дәлелденді. Педагогика тарихындағы мектептердің қалыптасуы мен дамуына қатысты соның ішінде, гимназия мен лицейлердегі оқытудың ерекшеліктерін ескере отырып, болашақ педагогтардың кәсіби дағдыларын, педагогикалық үдерісті ұйымдастыру мен жүргізудің өзіндік ерекшеліктері жайындағы тарихи танымдық білімдерін дамытуға бағытталған. Диссертациялық жұмыста зерттеу міндеттерінің шешілу дәйектілігі мен алынған нәтижелердің негізділігі отандық білім тарихындағы 1991-2017 жылдардағы гимназия және лицей мектептерінің қалыптасуы мен дамуы жайындағы білімдерді болашақ педагогтарға оқыту арқылы кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастырудың ғылыми тұрғыдан дәлелденген жолдарын эксперимент арқылы айқындайды. Автор әзірлеген элективті курстың оқу материалдары білім беру үдерісінің мазмұны мен

		мақсаттарына толық сәйкес келеді және оны тәжірибелік тұрғыда қолданылу мүмкіндігі өте жоғары. Осылайша, диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен бөлімшелерінде ішкі біртұтастық пен үйлесімділік көрініс тапқан және оның өзектілігі ғылыми дәлелдермен негізделген.
	4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды? 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертацияның мазмұны «Қазақстандағы гимназия және лицей мектептерінің қалыптасуы мен дамуы (1991-2017 жж.)» деген тақырыбын толық айқындайды. Талдау жұмысы зерттеудің басты мәселелерінен ауытқымай жүргізілген. 1991-2017 жылдардағы гимназия және лицей мектептерінің қалыптасуы мен дамуы жайлы ғылыми ізденістері тақырыпты жан-жақты толық ашып көрсетеді.
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Зерттеу жұмысында айқындалған мақсат пен міндеттер диссертация тақырыбына толық сәйкес келеді. Ізденуші ғылыми және жалпы педагогика мен білім тарихына қатысты заңдылықтарын басшылыққа ала отырып, қойылған мақсат-міндеттерін толық орындаған.
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы өзара логикалық тұрғыдан толық байланысқан, ішкі біртұтастығымен және қисынды баяндау логикасымен ерекшеленеді, жұмыстың нәтижелері диссертанттың қорытындыларымен бірге қойылған мақсат-міндеттерге толық сәйкес келеді. Зерттеу барысында алынған деректер ішкі үйлесімділікпен сипатталып, ғылыми ақпарат талаптарына сәйкес тарихи-теориялық материалдар мен анық – нақтылы эксперименттік (констатирующий эксперимент) жұмыстарының мазмұны мен нәтижелері жүйелі түрде ұсынылған.
	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар;	Диссертант ұсынған жаңа ғылыми шешімдер (қағидаттар мен әдістер) негізделіп, бұрыннан белгілі тұжырымдармен салыстырылып, сыни тұрғыда талданған. Зерттеуші болашақ педагогтардың гимназия және лицей мектептерінде педагогикалық қызмет жасай алу біліктерін қалыптастыру мәселесінде тарихи-педагогикалық білімдердің жеткілікті деңгейде зерттелмегенін дәлелдеп, оны шешудің жаңа жолдарын ұсынып, тың ғылыми тұжырымдар жасаған. Оған, екінші бөлімдегі анық – нақтылы

		2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	эксперимент (констатирующий эксперимент) жұмыстарын жүргізу барысындағы «Қабілет деңгейін анықтау» тесі мен «Кәсіби-педагогикалық өзін-өзі дамытуға ішінара дайындық деңгейінің диагностикасы» әдістемесін қолдану арқылы қол жеткізген нәтижедегі ой-тұжырымдары негіз бола алады.
5	Ғылыми жаңашылдық принцип	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Д.А.Абировтың диссертациялық зерттеуінде ұсынылған ғылыми нәтижелер мен қағидаттар <i>толығымен жаңа</i>. <i>Бірінші ғылыми нәтиже</i> – Қазақстандық білім беру тарихындағы 1991-2017 жылдардағы гимназия және лицей мектептерінің қалыптасуы мен дамуының тарихи-педагогикалық негіздегі мәселелерін зерттеу нәтижелері білім тарихының теориялық және әдіснамалық тұрғыдан негіздеу негізгі ұғымдар мен түсініктердің мазмұнын саралап, мазмұндық құрылымын нақтыланған. 1991-2017 жылдардағы гимназия және лицей мектептерінің қалыптасуы мен дамуын тарихи-педагогикалық негіздегі мәселелерін зерттеу нәтижелері бұл зерттеу саласында <i>толығымен жаңа</i> ғылыми тұжырым болып саналады. <i>Екінші ғылыми нәтиже</i> – Қазақстандағы 1991-2017 жылдардағы гимназиялар және лицей мектептеріндегі оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырудың ғылыми-педагогикалық негіздегі пікірлерді қоғамдық-әлеуметтік және ұлттық мәдени тұрғысынан жүйелеп, тарихи-педагогикалық және тәжірибелік мұра тұрғысынан кешенді түрде қарастырылып зерттелгендігі <i>толығымен жаңа</i> ғылыми бағыт болып табылады. <i>Үшінші ғылыми нәтиже</i> - 1991-2017 жылдардағы гимназия және лицей мектептерінде мазмұндық құрылымдық жүйесіне тарихи және ғылыми-педагогикалық тұрғыдан талдау және бүгінгі ұласымдылық байланысын негіздеуі – болашақ педагог мамандарды осы типтегі мектептерде педагогикалық қызмет жасай алуға бағытталған білімдерді беру арқылы оларды бейімдеу мен қарым-қатынас жасау мәдениетін игеруге, әлеуметтенуіне мүмкіндік береді, бұл зерттеу саласында <i>толығымен жаңа</i> ғылыми тұжырым болып саналады. <i>Төртінші ғылыми нәтиже</i> – Зерттеуге алынған 1991-2017 кезеңдерде гимназия және лицей мектептердің мазмұндық құрылым және олардың қалыптасуы мен дамуындағы өзіндік

		педагогикалық ерекшелігін ашуға бағытталған Қазақстандағы «Гимназия және лицей мектептерінің қалыптасуы мен даму (1991-2017 жж.)» атты элективті курстың қажеттілігін ЖОО-ның педагогикалық үдерісіне ендіру арқылы эксперимент тұрғысынан дәлелдеп, негізделген. Сондай-ақ, оған сәйкес педагогика тарихы бағытында болашақ педагогтарға танымдық білім түсініктерін қалыптастыру үдерісінің мазмұнын, өлшемдерін, оның төмен, орта, жоғары деңгейлерінің біртұтастығын құрайды, бұл зерттеу саласында <i>толығымен жаңа нәтиже</i> болып саналады. Сонымен қатар білім тарихы бағытындағы ғылыми тұжырымдамалық ұсыныстар әзірленіп, олардың білім беру жүйесінде қолданылу мүмкіндігі негізделген. Зерттеу нәтижесінде алынған ғылыми тұжырымдар педагогика ғылымының тарихында бұрын толығымен қарастырылмаған жаңа бағыттарды айқындап, отандық гимназия мен лицейлердің тарихи-педагогикалық және тәжірибелік мұралары жайында білімдерді қалыптастыра отырып, болашақ педагог мамандарды осы типті мектептерде кәсіби қызметтерін атқара алуға мүмкіндік береді және оны жетілдіруге нақты үлес қосады.
	5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертацияның қорытындылары <i>толығымен жаңа</i> болып табылады. Зерттеу нәтижелері отандақ гимназия мен лицейлердің тарихи-педагогикалық және тәжірибелік мұралары жайында білімдерді болашақ педагог мамандарға оқытуға арналғандығы жаңа, тың ғылыми қорытындылар ұсынады. <i>Бірінші қорытынды:</i> Зерттеу жұмысында 1991 - 2017 жылдардағы Қазақстандағы гимназия және лицей мектептерінің білім берудің тарихи - әдіснамалық жүйесі жасалып, тарихи - педагогикалық және әдістемелік тұрғыдан сипаттамалар мен талдауларлардың негіздері жүйеге келтірілген және жүргізілген ғылыми-теориялық және сол кездегі педагогикалық үдерістің тәжірибелік мәні мен құрылымы айқындалған. Бұл тұжырым зерттеу саласында алғаш рет жан-жақты қарастырылып отырған жаңа ғылыми нәтиже болып табылады. <i>Екінші қорытынды</i> 1991-2017 жылдардағы тарихи кезеңде отандық гимназия және лицей мектептерінің қалыптасуы мен дамуындағы

		мазмұндық құрылымының жүйелік сипатына, кеңестік жүйедегі бір орталықтың басқарылу идеологиясынан алшақтауды жүзеге асырылуы мен егемендік кезеңдегі білім беру жүйелерінің дамуындағы өзіндік сипатының кейінгі кезеңдермен тарихи ұласымдылығы айқындалды. Бұл мәселені қарастырудағы ғылыми және тарихи-теориялық әрі тәжірибелік материалдарды талдау барысында зерттеудің жүйелік, сабақтастық, ұласымдылық, тарихи шындық т.б. қағидаларды басшылыққа алып, тарихи-салыстырмалы, тарихи-жүйелілік, тарихи-тәжірибелік білімдерді теориялық тұрғыда талдау, салыстыру т.б. тәсілдердің қолдана отырып тарихи-әдіснамалық негіздері анықталған. Яғни, бұл жаңа ғылыми нәтиже. <i>Үшінші қорытынды:</i> 1991 - 2017 жылдардағы қоғам мен әлеуметтік ортада орын алған жаңашыл сипаттағы гимназия және лицей мектептерінің бүгінгі осы типтегі мектептердің оқу – тәрбие жүйесінің өзара тарихи - педагогикалық байланыстылығы анықталып, олардың ұласымдылықтары мен сабақтастығын көрсеткен. Бұл қорытынды <i>толығымен жаңа</i> болып табылады. <i>Төртінші қорытынды:</i> «Қазақстандағы гимназия және лицей мектептерінің қалыптасуы мен дамуы (1991-2017 жж.)» тақырыптық атаудағы элективті курсты ЖОО-ның педагогикалық үдерісіне ендіруі болашақ педагог мамандаға тарихи педагогика курсына қосымша оқыту арқылы отандық білім тарихы бағыттағы оқыту материалдарын жаңа білім мазмұндарымен толықтыруын жүзеге асыруы және осының негізінде анықтылығын нақтылауға бағдарланған педагогиканың эксперименттік арқылы зерттеу нәтижесінің дәлдігін анықтау және оның тиімділігінде көрсетілді. Бұл қорытынды <i>толығымен жаңа</i> болып табылады.
	5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа	Зерттеуде ұсынылған техникалық, технологиялық, экономикалық және басқарушылық шешімдер <i>толығымен жаңа</i> әрі ғылыми және тарихи-педагогикалық тұрғыдан <i>негізделген</i>. Жасалған тұжырымдар мен әдістемелік ұсынымдар тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың нәтижелерімен және ғылыми жарияланымдарымен дәйектелген.

		(25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%- дан кем).	
6.	Негізгі қорытындылар дың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негіз- делмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Барлық қорытындылар ауқымды дәлелдермен <i>негізделген</i> . Бұл жайт диссертацияның қорытындысында жан-жақты баяндалып, әрбір тұжырым берік ғылыми негіздерге сүйене отырып жасалған.
7	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру	Д.А.Абировтың диссертациялық зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, қорғауға ұсынылған төрт негізгі ғылыми қағиданы бөліп көрсетуге болады: «1991-2017 жылдарғы Гимназия және лицей мектептерінің қалыптасуы мен дамуының тарихи- педагогикалық негіздегі», «тарихи мұра кезеңдегі оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырудың ғылыми- педагогикалық негіздегі пікірлерді қоғамдық- әлеуметтік және ұлттық мәдени тұрғысынан жүйелеу», «гимназия және лицей мектептерінің құрылымдық жүйесіне тарихи және ғылыми- педагогикалық тұрғыдан талдау және бүгінгі күнге ұласымдылық байланысын негіздеу», «Қазақстандағы «Гимназия және лицей мектептерінің қалыптасуы мен дамуы (1991-2017 жж.)» атты элективті курстың қажеттілігін ЖОО- ның педагогикалық үдерісіне ендіру арқылы эксперимент тұрғысынан дәлелді» және олардың түсінігінің мәні нақтыланды. Бұл <i>қағида жаңа, ғылыми тұрғыда дәлелденген, кең қолданыс таба алатын және тривиалды емес</i> сипатқа ие. Зерттеу нәтижелері: 1. Innovative features of education in Kazakhstan's Lyceum-Gymnasium. Cypriot Journal of Educational Sciences. Volume 17, Issue 1, (2022) 159-173 www.cjes.eu https://doi.org/10.18844/cjes.v17i1.6693 https://orcid.org/0000-0002-1533-7875 мақаласында ғылыми негізделген. 2. Қазіргі қоғамдағы инновациялық

мектептердің ерекшеліктері. «Рухани жаңғыру – Қазақстанның серпінді дамуының негізі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары., Талдықорған, І.Жансүгіров ат. ЖМУ. 2018, 57-60 бб.

3. Қазақстандағы заманауи гимназиялық білімнің даму мәселелері. Қазақстанның ғылымы мен өмірі. №1 (74), 2019, 38-41 бб.

4. Траектория развития системы образования лицеев: сравнительный анализ Казахстана и зарубежных стран. Центр наукових публікацій Збірник наукових публікацій, IV МІЖНАРОДНА КОНФЕРЕНЦІЯ «НАУКА В ЕПОХУ ДИСБАЛАНСІВ», (м. Київ | 30 листопада 2018р.), 2 частина - С. -38-44.

5. Қазақстандағы жаңа үлгідегі білім беру мекемелерінің ерекшеліктері. Қазақстанның ғылымы мен өмірі., №2 (77), 2019, 89-92 бб.

6. Основные направления учебно-воспитательного процесса в лицеях и гимназиях. Инновационный потенциал развития науки в современном мире «НИЦ Вестник науки» Уфа, 31 октября 2019 г., Часть 3, С. 27-37.

7. Развитие университетского образования в аспекте подготовки студентов оканчившие лицей и гимназии «Сборник с научни доклади» (трета книга)., - Болгария, Издателство; ЕКС-ПРЕС, 2019., - С. 161-166.

8. Публично-социальный характер создания в Казахстане образовательных учреждений типа лицеи и гимназии "Prospects for the Development of Modern Science" Materials of the V International Scientific-Practical Conference Международная конференция, - Сеул, Корея , 11-13 март 2020г., - Часть 2,-С.115-123.

9. History of Formation of Lyceums and Gymnasiums in Kazakhstan and Peculiarities of their Educational Activities Talent Development & Excellence Vol.12, No.1, 2020, -495-506 pp.

10. Content system of the lyceum and gymnasium educational program. BULLETIN OF THE KARAGANDA UNIVERSITY, - №4,(100) - 2020, - 55-62 pp.

11. «История появления первых лицеев и различия в образовании в современности». Образование от «А» до «Я» научно – практический журнал. –2024. –№2. – С. 7-11.

12.«The history of the first lyceums and the differences in education in modern times». Science

			in the environment of rapid changes. – 2024. – №195. Зерттеу нәтижелері автордың 12 ғылыми жарияланымдарында көрініс тапқан. Олардың ішінде Web of Science және Scopus халықаралық деректер базасына енгізілген ғылыми журналдарда жарияланған мақалалар, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдардағы зерттеулер, жақын және алыс шет елдік халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарында жарық көрген.
8	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) иә; 2) жоқ	Д.А.Абировтың диссертациялық зерттеуінде таңдалған білім тарихына қатысты әдіснамалық негіздеме ғылыми тұрғыдан толық <u>негізделген</u>. Зерттеу материалы дәйектілік қағидатына сүйене отырып, ұсынылған ақпараттың ғылыми және тарихи-теориялық негізділігі қамтамасыз етілген. Зерттеудің тарихи-теориялық негізі гимназия және лицей мектептері жайындағы ақыл-ой танымдықтағы тарихи-тәлімдік мұралық білімдерді қалыптастырудағы педагогика тарихы курсының теорияларына қатысты тұжырымдар айқындалған. Сонымен қатар отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектері, білім беру саясатына қатысты нормативтік-құқықтық құжаттарды жан-жақты сараланып, олардың негізінде ғылыми және тарихи-әдістемелік тұжырымдар жасалды. Зерттеу аясында сол кезеңдегі гимназия және лицей мектептеріндегі педагогикалық үдерістердің қалыптасуы мен дамуы және олардың құрылымдық-мазмұндық жүйелерін сипаттау, т.б. мазмұндық бағыттағы жүргізілген тарихи-педагогикалық жұмыстарды ашып көрсетудегі әрекеттері элективті курсты енгізе отырып жүргізген тәжірибелік-эксперимент арқылы ғылыми тұрғыдан дәлелденген.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу	Диссертациялық зерттеу барысында ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері қолданылып, деректерді өңдеу және интерпретациялау үдерісі компьютерлік технологиялардың көмегімен жүзеге асырылған. Алынған нәтижелер математикалық-статистикалық әдістер арқылы талданып, зерттеу мәліметтері диаграммалар мен графикалық көрнекі құралдар түрінде жүйеленген.

	және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ.	
	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және зандылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ.	Диссертациялық жұмыста ұсынылған теориялық тұжырымдардың дұрыстығы бұл білім тарихындағы педагогикалық тәжірибені ғылыми негізде ашып көрсету. Зерттеудің тәжірибелік эксперименттік жұмыстардың жүргізілу барыстары - І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің 5B010300 - «Педагогика және психология» мамандығынан 83 студент және Қайнар академиясынан 90 студент, арнайы енгізілген «Қазақстандағы гимназия және лицей мектептерінің қалыптасуы мен дамуы (1991-2017 жж.)» атты элективті курсты осы мамандық бойынша жалпы сан - 173 студент оқыды. Бұл 2017-2020 жылдарында жүргізілген тәжірибелік экспериментке қатысқан студенттер. Ал, 2022-2023 оқу жылында зерттеу жұмысының тәжірибелік мүмкіндіктерін ашуға және толықтыруға байланысты І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің «Жаратылыстану» жоғары мектебінің мамандықтарында - 116 студент. Соның ішінде: Математика-33; Биология-30; Химия-19; Химия-биология -34;» «Гуманитарлық ғылымдар» жоғары мектебінен-140 студент. Соның ішінде: Қазақ тілі мен әдебиеті-42; Шет тілі: екі шеттілі- 68; Тарих-30. «Педагогика және психология» жоғары мектебінен-74 студент. Соның ішінде: «Педагогика және психология»-39; Бастауыш оқтудың педагогикасы мен әдістемесі-35 мамандықтары бойынша. Үш жоғары мектептен барлығы – 330 студент түрлі мамандықтар бойынша қатыстырылған.
	8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Д.А.Абировтың «Қазақстандағы гимназия және лицей мектептерінің қалыптасуы мен дамуы (1991-2017 жж.)» зерттеу жұмысы философиялық, психологиялық, педагогикалық еңбектерге, сондай-ақ ҚР нормативтік-құқықтық құжаттары мен отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулеріне, Scopus деректер қорына енетін журналдарға, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті

			бекіткен басылымдарда жарияланған ғылыми мақалаларға сілтеме жасау арқылы <i>расталған</i> .
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Диссертациялық жұмыста 184 библиографиялық сипаттамадан тұратын пайдаланылған әдебиеттер тізімі ұсынылған. Оған ғылыми еңбектер, тарихи зерттеулер, мұрағаттық деректер, мерзімді басылымдар, заңнамалық және нормативтік-құқықтық құжаттар, статистикалық деректер, электронды және өзге де дереккөздер енгізілген. Мұндай көлем әдеби шолуды жан-жақты қамту үшін <i>жеткілікті</i> болып саналады.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар ; 2) жоқ .	Диссертациялық зерттеудің <i>теориялық маңызы бар</i> . Нақты айтқанда: - зерттеу мәселесіне байланысты тарихи-педагогикалық мұраларға қатысты жүргізілген зерттеу еңбектері жан-жақты сарапталып, гимназия және лицей мектептерінің қалыптасуы мен дамуындағы тарихи-әдіснамалық және білім тарихының теориялық негіздері айқындалған. Сонымен қатар, отандық білім тарихындағы мектептер тарихының ақтандақ кезеңдері нақтыланып, ғылыми тұрғыдан негізделген. Зерттеу нәтижелері гимназия және лицей мектептерінің қалыптасуы мен даму кезеңдеріндегі тәжірибелік педагогикалық мұрадағы ғылыми-әдістемелік негіздерінің мазмұнын ашып, қазіргі педагогика тарихы курсы оқу материалдарының мазмұнын кеңейтуге мүмкіндік береді. Диссертация аясында ЖОО-ның педагогикалық үдерісіне енгізілген элективті курс тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында сыналып, оның тиімділігі ғылыми тұрғыда дәлелденді. Диссертациялық зерттеу аталған үдерістің теориялық негізін байытып, педагогика тарихына өзіндік үлес қосады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) иә ; 2) жоқ .	Диссертациялық зерттеудің <i>практикалық маңызы бар</i> . Зерттеу жұмысының нәтижесін педагогика курсының теориясына және оған қатысты мектеп типтері мен олардың тарихи даму кезеңдеріне қатысты білімдер жиынтығы ретінде, болашақ педагогтарды даярлауда және осы бағыттағы ізденушілік бағыттағы зерттеушілік жұмыстарда кеңінен пайдалануға болады. Диссертацияның практикалық <i>маңызы бар</i> және алынған нәтижелерді <i>практикада қолдану мүмкіндігі жоғары</i> .
		9.3 Практикалық ұсыныстар	Зерттеу жұмысы аясында ұсынылған практикалық ұсыныстар <i>толығымен жаңа</i>

		жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75%жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%- дан кем)	сипатқа ие. Аталған зерттеу нәтижелері болашақта мұғалімдерді даярлаудағы педагогика курсы мен білім тарихына қатысты білімдерді жетілдіруге және осы бағыттағы жаңа зерттеулер жүргізуге негіз бола алады.
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы тұрғысынан диссертациялық жұмыс жоғары деңгейде орындалған. Жазу тілі мен стилі ғылыми еңбектерге қойылатын талаптарға сай келеді. Зерттеу мазмұнында негізгі ұғымдар, анықтамалар мен терминдер жүйесі толық әрі жүйелі ұсынылған. Сонымен қатар, диссертацияның құрылымы мен мазмұнының рәсімделуі ғылыми-зерттеу жұмыстарына қойылатын ресми талаптарға толық сәйкес келеді.
11	Диссертацияға ескертулер		Ізденуші Д.А.Абировтың «Қазақстандағы гимназия және лицей мектептерінің қалыптасуы мен дамуы (1991-2017 жж.)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысындағы кемшіліктері түзетіліп қайта қорғауға ұсынылған. Комитет expertінің ескертпелері толығымен жойылған және диссертация жаңаланған. Осыған байланысты менің тарапымнан ескертпе жоқ. Келешекте ізденуші өзінің зерттеу тақырыбы бойынша зерттеушілік жұмысын жалғастырып, осы тақырып аясында монографиялық жұмыс жазып шығарса, онда педагогика ғылымының теориясымен оның тарихына қатысты білімдерді жаңа мазмұнда толықтыруға үлкен үлесін қосатын еді деп түсінемін.
12	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың		Ізденуші Д.А.Абировтың диссертация асында жүргізілген зерттеулерінің негізгі нәтижелері талапқа сәйкес тиісті ғылыми журналдар мен басылымдарда жарияланған. Мақалаларының мазмұны диссертация тақырыбына сәйкес келеді, ауытқымайды.

	зерттеу тақырыбы бойынша әр макаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		
13	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес		«Қазақстандағы гимназия және лицей мектептерінің қалыптасуы мен дамуы (1991-2017 жж.)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы үшін Абилов Данияр Акпаровичті 8D013 – Пәндік мамандандырылмаған педагогтарды даярлау (6D010300/8D01101 - «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

Ресми рецензент,
Абай атындағы Қазақ Ұлттық
педагогикалық университетінің,
педагогика ғылымдарының
докторы, профессор

